

**А. Меңлібаева, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Н. Т. Саханова, қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЗАМАНАУИ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың концепциясы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы — заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді.

Құқықтық тәртіп және заңдылықтың сақталуы сұрақтары бойынша өткен кеңесте мемлекет Басшысы Н. Назарбаев өзінің сөзінде құқық қорғау мекемелерімен орындалған жұмыстармен қатар істің жекелеген категориялары бойынша күрделі қылмыстарды жүргізу біздің мекемелер үшін аса қиын екенін атап өтеді. Көптеген қауіпті қылмыстар - өлтіру, қарақшылық шабуылдар, ұрлықтар, зорлық іс-әрекеттер және т.б. ашылған жоқ, ал оны істеген қылмыскерлер табылмай жатыр, не болмаса біраз уақыт өтіп кеткеннен кейін табылуда. Ең алдымен, бұл қылмыстық істермен күрес жүргізу тек барлық құралдар мен әдістерді және құқық қорғау мекемелерінің күштерін көптеп қолдануымен ғана шектелмеу керек екенін түсіндіреді, яғни сонымен қатар қылмыстық істерді зерттеу мен ашу процесінің жоғары дәрежеде ұйымдастырылуын да талап етеді.

Қоғамда болып жатқан процестер экономикаға да, саясатқа да өзінің кері әсерін тигізіп, оның өмірде белең алуы жиі кездесіп жатады. Нарықтық қатынасқа көшу, шаруашылықтың жаңа нысандарын пайдалану, қоғамдық сананың бірден өзгеруі — қазіргі идеологияның, құқық жүйесі, моральдық нормалардың тоқырауға ұшырауына әсер етіп, қылмыстың белсенді бағыт алуына алып келді.

Елбасы жеткіншіктердің өмірі сапасын жақсарту, әлеуметтік құрылымдарды жетілдіру жөнінде жыл сайын тапсырмалар беріп келеді. Десек те, көңіл көншітпейтін мәселелер жетерлік. Бала құқығының табанға тапталып жатқан сәттер аз емес. Оның бір ғана мысалы, жыл сайын жасөспірімдермен жасалған қылмыстар саны көбейіп келеді.

Қазіргі кезде еліміздің нарықтық-экономикалық қатынасқа өту жағдайында көптеген келеңсіз мәселелер мен жағымсыз оқиғалар белең алуда. Осындай келеңсіз мәселелердің бірі қылмыстық әрекеттердің жылдан жылға көбеюі болып отыр. Солардың ішінде жас ұрпағымыздың қылмыстық әрекеттерге баруы және олардың болашақ өмірі барша адамзатты алаңдатады.

Президенттің кәмілетке толмаған құқық бұзушылығы мен жасы толмағандар қылмысы үшін мектептің, олардың ата-анасы істейтін мекемені жауапкершілікке тарту мәселесін көтеру — құқық қорғау органдарының жұмысына тағы бір жауапкершілікті жүктесе керек.

Өзектілігіне келетін болсақ қазіргі кезде көптеген кәмілетке толмаған өздерінің дамуында жағымсыз жағдайларға, отбасы дамуында және қоғам бақылауынан тыс қалуына байланысты, жағымсыз микроортаның әсер етуі, әсіресе антиқоғамдық жүріс-тұрыстық тәжірибесі бар адамдардың әсер етуіне байланысты қылмыс жолына түсіп жатыр. Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметі бойынша кәмілеттік жасқа толмағандармен жасалған қылмыс саны 2009 жылы — 8608; 2010 жылы — 8799; 2011 жылы — 8963; 2012 жылы - 10450. Сол себепті кәмілетке толмағандармен жасалған қылмыстар мәселесі қазіргі таңда

өте өзектілердің бірі болып отыр. Бұл мәселенің өзекті болуына қазіргі уақытта елімізде кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстың өсуі әсер етеді.

Кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыстың саласына бастауы, оның тамырын кеңге жая түсуі құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен криминалист ғалымдардың алдына қылмыстың алдын алудағы нақты шараларға қоса, құқық қорғау органдары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияның істеген келелі істерінің тиімділігіне баға беру міндетін де жүктейтінін айтпасқа болмайды.

Қылмыспен күресу заңның және құқықтық тәртіптің нығайуы, қылмыстың жолын кесу, заңға деген құрметті қалыптастыру бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Дәл осыған құқықбұзуды болдырмау бойынша кәмелетке толмағандар тәрбие жұмыстарын жүргізетін мемлекет органдарының, оқу—тәрбие мекемелерінің жұмысы бағытталған. Осы мақсатқа да кәмелеттік жасқа толмағандардың заң бұзып қылмыс жасауына әрдайым қарсы көрсететін қылмыстық іс жүргізу заңдары бағытталған.